

## **Бәйтерек ауылдық округі Бидайкөл ауылының атауы жоқ көшелеріне атау беру туралы**

Қызылорда облысы Шиелі ауданы Байтерек ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 8 маусымдағы № 478 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 14 маусымда № 8424-11 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Бидайкөл ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 18 тамыздағы қорытындысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Бәйтерек ауылдық округі Бидайкөл ауылының атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

атауы жоқ көшесіне Абат Қазбеков көшесі;

атауы жоқ көшесіне Базарбай Мәмбетов көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Бәйтерек ауылдық округінің әкімі*

*Ж. Ақбергенов*